

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"MARKET JET" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью "MARKET JET"
Ағылшын тілінде	null

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"MARKET JET" ЖШС
Орыс тілінде	TOO "MARKET JET"
Ағылшын тілінде	null

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

241140019580

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
- облигациялардың саны: 7 000 000 (жеті миллион) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 7 000 000 000 (жеті миллиард) Теңге

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тиянақталған жылдық 26% (жиырма алты пайыз) құрайды

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Қарастырылмаған

Облигацияларды өзге де мүлдіктік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу басқа мүлдіктік құқықтармен жүзеге асырылмайды

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі:

Сыйақы төлеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жылына 4 (төрт) рет үш ай сайын жүзеге асырылады.

сыйақы төлеу күндері:

Облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигация айналысы басталған күннен бастап облигацияларды өтеу басталған күнге дейін жүзеге асырылады. Сыйақы есептеу облигациялар айналысының бүкіл кезеңі ішінде жүзеге асырылады және облигацияның айналыс кезеңінің соңғы күнінде аяқталады.

облигациялар бойынша сыйақы алу талаптары мен тәсілі:

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басында (Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың тізілімдерін жүргізетін орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша (бұдан әрі – Тіркеу күні) Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде төленеді.

Соңғы сыйақы төлеу облигациялар бойынша қарыздың негізгі борыш сомасын төлеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын купондық сыйақы сомасы төлем күні тиісті облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған облигациялардың номиналды құны мен жылдық купондық мөлшерлемесінің төртке бөлінген көбейтіндісі ретінде есептеледі. Нүктеден кейінгі белгі саны төрт.

Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың барлық



мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебімен жүргізіледі.

Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Облигация ұстаушының Қазақстан Республикасында теңгедегі банк шоты болған жағдайда төлем теңгемен жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау қарастырылмаған.

Облигация бойынша сыйақы төлемі эмитенттің Облигация иелері тізіліміне тіркелген Облигациялар иелерінің банк шоттарына, тіркеу күні басындағы жағдайға сәйкес (Облигация иелері тізілімін жүргізетін орталық депозитарий орналасқан жеріндегі уақыт бойынша), тіркеу күнінен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Тоқсан сайын

6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді

Облигациялар айналысының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - Биржа) сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн болып табылады. Алғашқы сауда-саттықты өткізу күні туралы хабарлама биржаның (www.kase.kz) ресми сайтында жарияланады.

облигациялар мерзімі

Жылдар: 3

Айлар:

Күндер:

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигациялар айналысқа шығарылған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң өтеледі

облигацияларды өтеу тәсілі

Облигациялар айналыс кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен номиналды құны бойынша өтеледі.

Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы 31-бабының 3-1 тармағына сәйкес банктік аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы бар эмитенттерді қоспағанда, эмитент соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған соманы есепке жатқызу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпараты бар облигацияларды ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударыды. Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге (мерзімінен бұрын өтеуге) арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен осы облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.



Егер Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, төлем теңгемен жүзеге асырылады, айырбастау қарастырылмаған.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

ұйымдастырылған

4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі

5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Шығарылатын облигациялар қамтамасыз етілмеген

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Шығарылатын облигациялар қамтамасыз етілмеген

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Негізгі қызмет – тауарлар мен қызметтерді көтерме-бөлшек саудада өткізу. 2025 жылдың 1 тоқсанында Эмитент 1,5 млрд теңгеден астам сомаға өнім сатып алды, оның ішінде сусындар соманың 67%-ын құрады (негізгі жеткізушілер – «RG Brands» АҚ, «Coca-Cola Almaty Bottlers» ЖШС, «Caspian Beverage Holding» ЖШС, «Первый пивзавод» ЖШС, «Dizzy» ЖШС, «Future Trade Company» ЖШС, «Almaly LTD» ЖШС, «Lirumax» ЖШС, «Арбаша» ЖШС сияқты ірі компаниялар).

Эмитент сонымен қатар халық тұтынатын әртүрлі тауарларды сатып алуды жүзеге асырады. 2025 жылдың 1 тоқсанында мұндай тауарлар 500 млн теңгеден астам сомаға сатып алынды, оның 60%-ы автотауралар (автомайлар, оның ішінде антифриздер, әртүрлі сұйықтықты, май сүзгілері, оталдыру білтелері, авто терезе сүрткіштер және т.б.). Сатып алынған тауарлардың қалған 40%-ы санаттары бойынша: барлығы демалуға арналған, ойыншықтар, маусымдық тауарлар, ыдыс-аяқ, үйге арналған тауарлар, тұрмыстық химия және басқа да тауарлар

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



санаттары.

Жоғарыда аталған тауарлар тобының ірі жеткізушілері: «Kulan Oil» ЖШС, «Liqui Moly Eurasia 1» ЖШС, «Wurth Kazakhstan» ЖШС, «Автохимия Синтез» ЖШС және т.б.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақша мыналарға бағытталатын болады:

Эмитент 2025 жылдың соңына дейін 6,2 млрд теңге сомасына сусындар сатып алуды жоспарлап отыр. Сусындар жоғары сұраныс деңгейіне ие және Эмитентті тұрақты табыспен қамтамасыз ететін айналымдылығы жылдам тауар болып табылады.

Эмитент 2025 жылдың соңына дейін халық тұтынатын тауарларға 800 миллион теңге жұмсауды жоспарлап отыр.

Эмитент өз өнімдерін сатуды Алматы, Өскемен, Жаркент, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы, Жамбыл, Жетісу облыстарында жүзеге асырады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

Бұл шығарылымның облигациялары «жасыл», әлеуметтік облигациялар, орнықты дамудың облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

Бұл шығарылымның облигациялары «жасыл» болып табылмайды

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Бұл шығарылымның облигациялары әлеуметтік болып табылмайды

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

Бұл шығарылымның облигациялары орнықты даму облигациялары емес

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

Бұл шығарылымдағы облигациялар жасыл, әлеуметтік немесе орнықты дамудың облигациялары болып табылмайды

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар жасыл, әлеуметтік немесе орнықты дамудың облигациялары болып табылмайды

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

Бұл шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

Бұл шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

Бұл шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

Бұл шығарылымның облигациялары орнықты дамумен байланысты облигациялар болып табылмайды

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Осы шығарылымның облигациялары инвестициялық емес

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- 1) Жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын алу құқығы;
 - 2) жеке меморандумда көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша купондық сыйақы алу құқығы;
 - 3) облигацияларды еркін сату және өзге түрде иеліктен шығару құқығы;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты алу құқығы;
 - 6) жеке меморандумда белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және жеке меморандумда көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.
- Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқықтарын жүзеге асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері әрі қарай осы тармақшада көрсетілген:

а) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



көзделген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент орналастырылған Облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (i) жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен; (ii) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе); (iii) қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде).

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алуға негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды сатып алуға негіз туындағаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушыларға жеткізуге міндетті.

Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алуға негіздердің қайсысы орын алғанының толық сипаттамасын, сондай-ақ қажет болған жағдайда басқа да ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылары сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алуға жазбаша өтініштер беруге құқылы, ал Эмитент оларды қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алуға кемінде бір жазбаша өтініш түскен жағдайда, Эмитенттің қатысушысы сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- Облигациялар сатып алынатын баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні – бұл ретте сатып алу күні Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей бір күнге белгіленуі тиіс;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: а) Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтар беру тәртібі және б) Облигациялар ұстаушыдан одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті басқа да шешімдер.

Эмитент Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы мұндай шешімнің қабылданғаны туралы Облигацияларды ұстаушыларға жеткізуге міндетті. Жарияланған ақпарат келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигациялар сатып алынатын баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: а) Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды



ұстаушылардың тізілімін жүргізетін орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтар беру тәртібі және б) Облигациялар ұстаушыдан одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті басқа да ақпарат. Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

б) жеке меморандумда көзделген дефолт оқиғасы басталған жағдайда.

Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды дефолт оқиғасы басталған жағдайда сатып алуды талап ету құқығын жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері осы шарттардың 7-тармағында көрсетілген.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бұл шығарылымның өтеу мерзімі бар

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

1) Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі.

Дефолт - бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы. Негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындалмауы, басталған кезінде Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») болып табылады.

2) Облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент мерзімі өткен әрбір күн үшін Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (бұдан әрі – Накты төлем күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, Облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (Накты төлем күні тұрақсыздық айыбын есептеу күні болып табылады).

Эмитенттің жеке меморандумда белгіленген тәртіпте және мерзімде сыйақыны және/немесе Облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толығымен төлемеуі, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкінсіз ететін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушының банк шотының дәйексіз немесе толымсыз деректемелерін алуы нәтижесі, не болмаса «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі»

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде Облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбау нәтижесі болып табылатын болса, Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи құбылыстар, әскери іс қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т. б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің жеке меморандумда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне шамалас кейінге шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Эмитент дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде, тәртіппен және тәсілдерді қолдана отырып жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарды қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) жеке меморандумға ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмейтін болса және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ, егер борышкер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде, Эмитент алынған Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптары бойынша Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың одан арғы іс-әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.



Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияның оның ұстаушысына беретін құқықтарын ескере отырып, аталмыш төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

3) Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдер.


Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық құшін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) – оның ережелерімен белгіленген тәртіппен және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында (www.dfo.kz) – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осы ақпаратты Облигацияларды ұстаушыларға жеткізуге міндетті.

Жарияланған ақпарат келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептердің толық сипаттамасы;
- орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдары;
- Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шаралар;
- Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

НУРИЕВ САИД РАШИДОВИЧ
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

